ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 қыркүйек №5265-23-00-2/2252 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Кененбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ОРДАБАСЫ» Жанат Жайылхановна Аширбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Аталған Заң нормасының 5-тармағына сай осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

2023 жылғы 17 шілдеде тараптар арасында «жиһазды қаптауға арналған, қолдан жасалған» бойынша 222 000 теңгеге №206 мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі – шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкермен қызмет шарт күшіне енген күннен бастап тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша 2023 жылғы 6 тамызға дейін жеткізіп беруі тиіс болған, алайда жауапкер шарт бойынша өз міндеттемесін орындамаған.

Істің мұндай тұрғысында, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап бойынша:

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, күнтізбелік он бес күннен аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала алады.

Сот, жауапкер өз міндеттемесін кешігіп орындағаны үшін жауапкерден талап қоюшының пайдасына 17 күнге есептелген 3 774 тенге мөлшерінде тұрақсыздық айыппұл өндірілуге жатады деп табады (222 000*0,1%*17).

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109-бабына сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығысын өндіру қажет.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекеттің пайдасына 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226, 229, 267-3, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 01.10.2023
Заңды күшіне енген күні: 15.11.2023, судья Кененбаева А. А., 04.12.2023
5265-23-3-1/2507

Дара кәсіпкер «ОРДАБАСЫ» Жанат Жайылхановна Аширбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ОРДАБАСЫ» Жанат Жайылхановна Аширбаевадан Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№7 қалалық емхана» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 3 774 (үш мың жеті жүз жетпіс төрт) теңге тұрақсыздық айыппұл және мемлекеттік баж төлеу бойынша 114 (бір жүз он төрт) теңге сот шығыны өндірілсін.

Дара кәсіпкер «ОРДАБАСЫ» Жанат Жайылхановна Аширбаевадан мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өнірілсін.

Жауапкер шешім көшірмесін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы шешімді шығарған сотқа шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік Кодексінің 403, 404 баптарына сәйкес осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін, 1 (бір) ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья: **А.А.Кененбаева**

Құжатқа қол қойылған: Кененбаева А. А., 01.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.11.2023, судья Кененбаева А. А., 04.12.2023

5265-23-3-1/2507